

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін Торайғыров университеті КЕАҚ докторанты Н.А. Кударованың дайындаған «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензент, философия докторы (PhD) қауымдастырылған профессор м.а. А.А. Алимбекованың

СЫН ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазақстанның болашағын нұсқалы құрудың бір тізгіні – жастардың көшбасшылық қасиеттерінің өркендеуі. Бұл тұрғыдан пайымдасақ, Н.А. Кударованың қорғауға ұсынып отырған диссертациясының тақырыбы қазіргі талапқа сай. Көшбасшылық қасиетті студенттерге ұлттық мүддеге негіздеп өркендетуде докторант тұлғалық болмыстың ішкі құрылым-жүйесін «онтология», «гносеология», «аксиология» тұрғысында қарастыруы өте орынды. Мұнымен бірге аталған көкейкесті мәселені шешу үдерісінде білімді ғылыми негізде меңгерудің парадигмасын (эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық) саралап, оның студенттердің көшбасшылық қасиетін өркендетуге тигізер ықпалын дәйектеуі де бұл зерттеудің құндылығы деуге болады. Жоғарыдағы тағылымдық негіздерді психология мен педагогика ілімдеріндегі тұжырымдармен дәлелдеп, «Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің» моделін құрған. Модельдің алгоритмдік, мазмұндық, мәнділік тұстары диссертацияға қойылатын талапқа сай жасалған.

Көшбасшылық қасиетті өркендетуінің зерттелуі – көкейкесті мәселе. Бұл мәселенің қажеттілігін Н.А. Кударованың Тұңғыш президент – Елбасының Н.Ә. Назарбаевтің «Интеллекталды ұлт - 2020» ұлттық жобасын басшылыққа алуымен бағамдаған.

Н.А. Кударованың алған тақырыбы «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі» жалпы білім беру пәндерінің типтік оқу бағдарламасымен ұштасып, силлабустық жүйемен ұсынылған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу еңбегінде тақырыпты айқындау мақсатына жету барысында бірқатар ғылыми нәтижелерді атап өтуге болады:

бірінші ғылыми нәтиже – жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің ғылыми-теориялық негіздері;

екінші ғылыми нәтиже – көшбасшылықты өркендету идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттелу барысы;

үшінші ғылыми нәтиже – студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетуінің педагогикалық шарттары;

төртінші ғылыми нәтиже – жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі;

бесінші ғылыми нәтиже – жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұнының алатын орны;

алтынші ғылыми нәтиже – студенттердің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы ұлттық кодтың атқарар амалдары.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің амалдары мен жолдарын психологиялық және педагогикалық нақты деректемелермен дәлелденілгені.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің көшбасшылықты өркендету идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттелу барысының хронологиясы ұсынылған. «Лидер», «лидерлік», «көшбасшы», «көшбасшылық» түсініктерінің анықтамалары нақтыланылғаны.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің педагогикалық шарттары («Көшбасшылық психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Көшбасшылық қасиетті ұлттық сипатта өркендету» блогын енгізу; студенттердің көшбасшылық қасиеттерін арттыру мақсатында, көпшілік алдында сөйлеу іс-шараларын ұйымдастыру; «Психология» оқу-құралы енгізілді, «Көшбасшылық қасиетті ұлттық сипатта өркендету» атты төртінші тарауын, білім алушыларға онлайн дәрістерін таңдауға ұсыну) толық ашылғаны.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденуші «модель» ұғымына анықтама беріп, модельдің атқарар қызметіне қарай маңыздылығын зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында ой қорытып, өздігінен тың пікірлер келтіргені. Зерттеуші студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендетудің құрылымдық-функционалдық моделін ұсынады және сынақтан өткізілген зерттеу материалдары оны жүзеге асыру механизмі ретінде кәсіби білім берудің теориясы мен әдіснамасының дамуына үлес қосқаны.

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденуші жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің факторларын жүзеге асырып, білім мазмұнында ұлттық кодтың алатын орны айқындалынғаны.

Алтыншы ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындыларын өңдеу үшін математикалық статистика әдістерін пайдаланумен, оның нәтижелерімен зерттеу болжамын растаумен қамтамасыз етілгені.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

Диссертанттың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары қазақстандық ғылым мен тәжірибе үшін маңызды және жаңалықтың жеткілікті дәрежесіне ие.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, педагогикалық және психологиялық, философиялық әдебиеттерге талдау жасай отырып, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін психологиялық және педагогикалық тұрғыда өркендету жұмысының мәні мен мазмұнының теориясы негізделген.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, көшбасшылықты дамыту идеясының отандық және шетелдік ғылымда зерттеу барысы сараланған.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің ғылыми тұрғыда зерделеніліп, тұтас педагогикалық үдеріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін педагогикалық шарттары құрылған.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа, өйткені, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық код арқылы өркендету үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделі (мақсатты блок, мазмұнды блок, әдіснамалық блок, нәтижелі блок) бірінші рет әзірленген.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудегі білім мазмұнының алатын орны анықталған.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа, себебі, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуіндегі ұлттық кодтың атқарар амалдары мен жолдарының тиімділігі эксперимент арқылы тексеру бойынша, эксперименталды топ студенттерінде зерттелінген сапаларының даму динамикасы көрсетілген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы

Рецензияланатын диссертациялық зерттеу тұтас ғылыми жұмыс болып табылады. Алынған ғылыми нәтижелер ішкі бірлік пен логикалық өзара байланысымен сипатталады. Қорытындылар мен тұжырымдар қойылған міндеттер мен нақты материалдардан қисынды түрде туындайды, ғылыми нәтижелерді көрсетеді және педагогикалық ғылым мен практиканы дамытуға белгілі бір үлес қосады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Ғылыми-зерттеу жұмысының тиімді нәтижелері ғылыми айналымдағы педагогикалық-психологиялық мәселелерді шешуде маңызды. Өйткені, ғылыми жұмыста заман талабына сәйкес студенттердің бойларында көшбасшылық қасиеттерін өркендетудің психологиялық және педагогикалық негіздері жүйелі зерттеліп қарастырылған. Зерттеуші, жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін және ұлттық кодтың атқарар рөлін жеке-бағытталған әдістемелерді енгізумен анықтаған.

Кударова Назгуль Абильбековнаның диссертациясының ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, логикалық жүйелілікпен сипатталған. Жүзеге асырылған тәжірибелі-эксперименталды жұмыстың мақсаты жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде өңделген құрылымдық-функционалдық моделінің тиімділігі анықталды.

Диссертацияда құрылған модель алгоритмдер теориясын, операциялық жүйелер теориясын және математикалық аппаратты дұрыс қолдануға негізделеді. Барлық тұжырымдар дереккөздерге сілтемелермен расталған. Эксперимент нәтижелері берілген теорияға сәйкес келеді. Бұл алынған нәтижелерді жеткілікті негізді және сенімді деп есептеуге негіз береді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына жеткілікті толықтығына растама

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары мен нәтижелері диссертанттың 11 еңбегінде көрініс алып жарық көрген. Олар: Scopus компаниясының деректер базасына кіретін ғылыми журналында, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда, отандық және шет елдік халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында, ғылыми журналдарда жарияланған.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер

Ізденушінің ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

1. «Ұлттық код» пен «ұлттық нақыш» секілді ұғымдардың мәні жете ашылмаған.

2. Педагогикалық технологияның көшбасшылыққа әсері айқындалмаған.

3. «Көшбасшы» мен «көшбасы» терминдер ерекшеліктері сараланбаған.

4. Диссертанттың зерттеу жұмысында бірде «ұлттық код» бірде «ұлттық сипат» деп алынған, аталған ұғымдар біркелкі жазылғаны дұрыс болар еді.

5. Студенттердің өздік жұмысты ұйымдастыруда оның өлшемдері мен көрсеткіштерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста пайдаланудың қадамдары айқын көрініс табуы жөн еді.

Дегенмен, көрсетілген кемшіліктер алынған нәтижелердің құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант Кударова Назгуль Абильбековнаның «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі» атты диссертациялық жұмысы мамандығына сәйкес жазылған. ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс ретінде 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің,
«Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., философия докторы (PhD)



АСТАЙМЫН **А.А. Алимбекова**
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абай
КОЛЫ
ПОДПИСЬ _____